| | | | |
|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | .**Жеке жұмыс:**<br>Фатихадан тәулік мезгілдерін сұрау.<br>. | **Жеке жұмыс:**<br>Алдиярдан жыл мезгілдерін сұрау | **Жеке жұмыс:**<br>Ахметтен апта күндерін сұрау. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін , киінгенде түймелерін қадап , аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. | | |
| **Серуен** | **Серуен:**Жаңбырды бақылау.<br>**Қимылдық ойын:** Торғайлар мен мысық.<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар** | **Серуен:**Жолдағы көліктерді бақылау.<br>**Қимылдық ойын:** Мысық пен тышқан.<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар** | **Серуен:** Желді бақылау.<br>**Қимылдық ойын:**<br>Сұр көжек жуынып жатыр.<br>**Мақсаты**:Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту.<br>**Еркін ойындар** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Баланың үйде өзі киініп, шешінуін қадағалап, талап етіп отыруы жөнінде ата-анамен әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.<br>Демалыс күндеріне сәттілік тілей отырып үйлеріне тарату. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | |
| | Жай әуен ырғамен ұйқыға жатқызу. | Ұйықтар алдында "Шалқан" ертегісін оқып беру. | А.Қалаубаеваның "Ертегілер" әні тыңдау арқылы ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақты тауысып жеуге дағдыландыру. | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Вариативті компонент "Сиқырлы әлем"**<br>**Тақырыбы:"Сәнді көйлек" (жапсыру)**<br>**Мақсаты:** Дайын пішіндерді жапсыруды үйрету. Зейінін қимыл дәлдігін дамыту .Эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Түсті және композицяны қабылдай білу қабілетін дамыту.<br>**Жүру барысы:**<br>Сұрақ-жауап<br>Жұмбақ<br>Суретпен жұмыс<br>Д/о:"Киім түрлерін ажырат"<br>**Мақсаты:**балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Сәнді көйлек жапсыру..Қорытынды<br>Мадақтау | **Дидактикалық ойын:**<br>"Жәндікте неше аяқ бар ?"<br>**Мақсаты:**Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту.Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру. | **Дидактикалық ойын**: "Суретші қай жерде қателесті ?"<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілеттерін шапшаңдықтарын арттыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау.<br>Киімді шкафқа ретімен жинау. | | |
| **Серуен** | **1.Серуен:**<br>**Көктемгі ауа райын бақылау.**<br>**Мақсаты:**балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**2.Еңбек:**ойын алаңын жинау.<br>**Мақсаты**: еңбекке шақыру,тазалыққа баулу.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Тез жүгір"<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалысын арттыру,ойын шартын түсініп ойнауға тәрбиелеу.<br>**4. Жеке-жұмыс:**<br>Шырыннан көктем ерекшеліктерін сұрау..<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру.<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Серуен:**<br>**Адамдардың көктем мезгіліндегі киімдерін бақылау.**<br>**Мақсаты:** балалардың көктем мезгіліне деген көзқарастарын қалыптастыру<br>.**2.Еңбек**:үлкендерге көмектесу.<br>**Мақсаты:**Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Сұр қоян"<br>**Мақсаты:** шапшаңдылыққа үйрету.<br>**4. Жеке-жұмыс**: Аягөзден тәулік мезгілдерін сұрау.<br>**Мақсаты:** есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Серуен:**<br>**Жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:**балаларды байқағыштыққа баулу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**2. Еңбек:**құстарды тамақтандыру.<br>**Мақсаты:**балаларды құстарға қамқор болуға тәрбиелеу..<br>**3. Қимылдық ойын**: "Ақ серек, көк серек"<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4. Жеке-жұмыс:**Жаналиден көктем айларын сұрау<br>**Мақсаты:** есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | **"Қай сөре әдемі? "**<br>**Мақсаты:**балаларды әдемілікке,жинақылыққа тәрбиелеу. Балалардың дұрыс шешінуін ,шкафка киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.Мәдени-гигеналық шаралардың орындалуын бақылау.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза қолың,маңдайың. | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту ,тамақтану мәдениетін қалыпастыру.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Астарың -дәмді болсын балалар!<br>"Рахмет ! "-сөздерін үнемі айтуға дағдыландыру. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қазақ халқының дәстүріне байланысты жинауын көрсету. Балаларды қазақ халқының ұлттық киімімен таныстыру. Қазақстанның халықтық қолданбалы өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу. Заттарға деген қамқорлық қарым – қатынас дағдыларын жетілдіру, киімдерді күту және сақтау ережелерімен таныстыру.<br><br>**"Шығармашылық"**<br>**2. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: "Ою өрнекпен безендірілген тәрелке"**<br>**Мақсаты:** Балаларға жаңа тәсілдерді қолданып мүсіндеуге үйрету: ішіне басу, шеттерін созып тарту, оларды бармақтарымен теңестіру тәсілдерін бекіту. Ермексазды созу арқылы ою-өрнекпен тәрелкені безендіруді үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларыа машықтандыру.<br>**Жүру барысы:**<br>Шаттық шеңбер.<br>Суретпен жұмыс<br>Д/о:"Ыдыс түрлерін ажырат "<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Сергіту сәті<br>Тәрелке мүсіндеу<br>Қорытынды<br>Мадақтау. | **Мақсаты:** Балаларға киіз туралы түсінік беріп, ән-күйлерді тыңдатып, қабылдау, есте сақтау, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: "Домбыра" биі | ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйретуді жалғастыру, балалардың сөздік қорын ұлттық дүниелер атауымен байыту (сандық - әбдіре, малақай – тымақ, желпеуіш, жалғаншаш, теңге сөздерінің мәнін, қолдану аясын түсіндіру). Киімді күтіп киюге тәрбиелеу.<br><br>**Жүру барысы:**<br>Кіріспе сұрақ-жауап<br>Сурет бойынша әңгіме<br>Д/о:" Суретті құрастыр"<br>Мақсаты: балаларды ұлттық  казақи заттарды  ажырата білуге үйрету.<br>Сергіту сәті<br>Қорытынды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын: "Суретшіқай жерде қателесті?"**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,суреттегі сәйкессіздікті таба білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?**<br>**Мақсаты:** балаларға әр заттың өз орны бар екенін түсіндіру. | **Дидактикалық ойын: "Не қай жерде орналасқан ?"**<br>**Мақсаты:** Балаларға берілген сурет бойынша заттың қай жерде орналасқанын білуге ,үстінде, жоғарыда, төменде деген түсініктерін қалыптастыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **"Денсаулық"**<br>**1. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: "Орамал тастамақ"**<br>**Мақсаты:** Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу. Допты қолды көтергендегі биіктікте тартылған тордан асыра екпінмен лақтыру, 2 метр арақ тұрып,допты алдағы-жоғары бағыттай білуді бекіту. Гимнастикалық орындық бойымен зырғанауды үйрету.<br>**Қ\о:** "Орамал тастамақ"<br>***Жүру барысы:***<br>Қатармен жүру<br>Жүгіру<br>**Қ\о:** "Орамал тастамақ"<br>**Мақсаты:** Балалардың шапшаңдықтарын арттыру"<br>**"Таным"**<br>**2. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Киіз үйде әжеге қонаққа келу"**<br>**Мақсаты:** Қазақтың үйі – киіз үймен таныстыруды жалғастыру. Киіз үй жиналмалы, сондықтан оны жаңа орынға көшіп, апарып, сонда тез құруға болады. Киіз үйді | **"Таным"**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: "Үшбұрыштар елі"**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестіруді үйрету. Кеңестік қарым - қатынасты туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта, оң жақта, үстінде, алдында, ортасында) геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру; жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау;<br><br>**Жүру барысы:**<br>Кіріспе сұрақ-жауап<br>Жұмбақ<br>Д/о:"Адасқан сандар"<br>Мақсаты: балалардың ойлау қаілеттерін арттыру.<br>Қос тілділік<br>Сергіту сәті<br>Қорытынды.<br><br>**"Шығармашылық"**<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>"Домбыра сазы"<br>(И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров.) | **"Денсаулық"**<br>**1. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**"Арқан тартыс"<br>**Мақсаты:** Балаларға жыл басы наурыз мерекесі туралы тереңірек түсінік беру. Алға қарай жеңіл ырғақты секіртумен қырындап жүруді орындауға үйрету. Тақтайдың екі басынан бастап жүріп келе жатып, ортасына келгенде бұрылып кейін жүруөзінің іс-әрекетінен басқа балалардың іс-әрекетімен үйлестіре білуді бекіту. Фитболды қолдың екпінді қимылдарымен итеріп дамытуға жаттықтыру.<br>**Қ\о: "**Арқан тартыс"<br><br>**Жүру барысы:**<br>Саптізбекте жүру<br>Жүгіру<br>**Қ\о**:"Арқан тартыс"<br>Мақсаты: балалардың шапшаңдықтарын артыру.<br><br>**"Қатынас"**<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Суреттеу бойынша тап"**<br>(дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты:** Балаларды заттар мен |

**ІІ-апта (09 -11. Наурыз 2022ж)**
**№ 10 "Құлыншақ" ересек топ**

**Өтпелі тақырып**:"Салттар мен фальклор"
**Апталық тақырып:**"Өнер көзі -халықта(қолданбалы өнер ,ұлттық киімдер,ұлттық бұйымдар)"
**Мақсаты:** Балаларға ұлттық әдет ғұрып, салт – дәстүр туралы түсініктерін кеңейту, тарихи құндылықтарына деген қызығушылықтарын ояту, өз халқына мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу, мәдени мұра туралы түсініктерін бекіту.
**Міндеттері:** Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт – дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

| **Күн тәртібі** | **Сәрсенбі**<br>**09.03.22** | **Бейсенбі**<br>**10.03.22** | **Жұма**<br>**11.03.22** |
|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл -күймен қарсы алу.Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру.Баланың бүгінгі көңіл күйі ,оны не қызықтыратыны туралы сұрау,баланың жеке пікірін білдруге баулу. | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру. | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Дидактикалық ойын:**<br>"Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыр"<br>**Мақсаты**:Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналасыра білуді ,түстерді ажырата білуді үйрету. | **Дидактикалық ойын**:"Суретті құрастыр"<br>**Мақсаты:**Балаларды бірнеше бөліктерден тұратын бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын:**<br>"Қай пішінге ұқсайды?"<br>**Мақсаты:**Балалардың зейін қоюшылығын дамыту,түс,пішінін айыра білуге үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Ертеңгілік жаттығу кешені №2 "Әуен ырғағымен "**<br>Жүру,жүгіру,жай жүру,аяқтың ұшымен жүру,өкшемен жүру,тізбектеліп қатарға тұру. | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың мәдени гигеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>**Ойын-жаттығу**: Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз. | | |